

Этикалық комиссия мәжілісінің №18 хаттамасы

12.09.2025ж.

Алматы қ.

Этикалық комиссияның барлық мүшелері қатысты.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ: 8D05101 — «Биотехнология» білім беру бағдарламасы бойынша ізденуші Смағұл Ғалия Рысбекқызының «Бие сүті негізінде диеталық, профилактикалық қасиеттері бар шоколад жасаудың биотехнологиялық әдістері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысының этикалық комиссияның талаптарына сәйкестігін қарау.

ТЫҢДАЛДЫ: Этикалық комиссияның төрағасы, ғылым және инновация жөніндегі проректор Алиев Б.А.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ: Этикалық комиссияның төрағасы күн тәртібін жариялады және ізденуші Ғ.Р. Смағұлдың диссертациялық жұмысын қарастыруды ұсынды.

ТЫҢДАЛДЫ: Биотехнология кафедрасының меңгерушісі Абжанова Ш.А.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ: Биотехнология кафедрасының меңгерушісі Абжанова Ш.А. ізденуші Ғ.Р. Смағұлдың отандық кеңесшісі Синявский Юрий Александрович, б.ғ.д., профессор Қазақ тағамтану академиясы, және шетелдік ғылыми кеңесшісі Ресей, Мәскеу қаласынан PhD, «Плеханов атындағы РЭУ» т.ғ.д., профессор Савенкова Татьяна Валентиновна екенін айтты. Сонымен қатар, этикалық комиссияға барлық құжаттар (диссертациялық жұмыс, үш тілде аңдатпа, отандық және шетелдік кеңесшілерінің пікірлері, ғылыми еңбектерінің тізімі, Антиплагиат нәтижесі, кафедра қорытындысының хаттама көшірмесі) талаптар бойынша толығымен тапсырылғандығы туралы мәлімдеді.

ТЫҢДАЛДЫ: Ғылыми кітапхана директоры Толекова Б.Т.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ: Б.Т. Толекова 26 тамыз 2025 жылы ізденуші Ғ.Р. Смағұлдың диссертациялық жұмысы «Антиплагиат ВУЗ» лицензиялық жүйесінде тексеріліп, бірінші тексеруден анықталды. Оның қорытындысы бойынша түпнұсқалылығы – 96,2%-ды, сәйкестіктер 2,75%-ды, өзін-өзі дәйексөздеу

0,81%-ды құрады, яғни жұмыс барлық талаптарға сай келетінін және ешқандай ауытқулар болмағанын баяндады.

ТЫҢДАЛДЫ: Этикалық комиссияның төрағасы, ғылым және инновация жөніндегі проректор Алиев Б.А.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ: Этикалық комиссия отырысын қорытындылай келе, ізденуші Смағұл Ғалия Рысбекқызының «Бие сүті негізінде диеталық, профилактикалық қасиеттері бар шоколад жасаудың биотехнологиялық әдістері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысын қабылдауға дауыс беруді ұсынамын.

Этикалық комиссия мүшелері төрағаның ұсынысына бірауыздан оң дауыс бергендері туралы хабарлады.

ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ: Смағұл Ғалия Рысбекқызының «Бие сүті негізінде диеталық, профилактикалық қасиеттері бар шоколад жасаудың биотехнологиялық әдістері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына зерттеу нысандарының (тірі табиғат нысандары мен мекендеу ортасының) құқықтарын, қауіпсіздігі мен әл-ауқатын қорғауды қоса алғанда, ғылыми зерттеулер нәтижелерін жоспарлау, бағалау, іріктеу, жүргізу және тарату процесінде бұзушылықтардың жоқтығы туралы қорытынды шығарылсын.

Төраға



Алиев Б.А.

Хатшы



Джуринская И.М.

Этикалық комиссияның қорытындысы

«Алматы технологиялық университеті» АҚ

ЖОО атауы

1.	Докторанттың тегі, аты-жөні	Смағұл Ғалия Рысбекқызы
2.	Докторантура мамандығы (білім беру бағдарламасы)	8D05101 — «Биотехнология»
3.	Докторантурада оқу мерзімі	2020-2023жж.
4.	Диссертация тақырыбы, бекітілген күні	«Бие сүті негізінде диеталық, профилактикалық қасиеттері бар шоколад жасаудың биотехнологиялық әдістері», бұйрық № УПО-01/37, 29.12.2020ж.
5.	Ғылыми кеңесшілер туралы мәліметтер – Т.А.Ә. (болған жағдайда), лауазымдары мен жұмыс орындары, ғылыми дәрежелері, азаматтығы	1. Синявский Юрий Александрович — биология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ тамақтану академиясы, ЖШС, Алматы қ., Қазақстан Республикасы; 2. Савенкова Татьяна Валентиновна – техника ғылымдарының докторы, профессор «Плеханов атындағы РЭУ», Мәскеу қ., Ресей.
6.	Зерттеу нысаны	Диссертациялық жұмыстағы зерттеу нысаны ретінде қарастырылды: Құрғақ фукоидан сығындысымен, пробиотикалық микроорганизмдермен және ресвератролмен байытылған бие сүті негізінде шоколад өнімдері.
7.	Ғылыми зерттеулерді жоспарлау, бағалау, іріктеу және жүргізу процесіндегі бұзушылықтар	Бұзушылықтар анықталмады
8.	Ғылыми зерттеулер нәтижелерін тарату процесіндегі бұзушылықтар	Бұзушылықтар анықталмады
9.	Зерттеу объектілерінің (тірі табиғат объектілері мен мекендеу ортасы болған жағдайда) құқықтарын, қауіпсіздігі мен әл-ауқатын қорғау қалай жүргізілді?	Зерттеу Қазақстан Республикасының Мемлекеттік стандартында белгілен принциптеріне сәйкес жүргізілді. Зерттеу нысаны сапа, қауіпсіздік, сондай-ақ жоғары тағамдық және биологиялық құндылық талаптарына толық жауап беретін функционалдық ингредиенттер қосылған бие сүті негізінде әзірленген арнайы шоколад өнімдері болып табылады.

Негіздеме: Алматы технологиялық университетінің этикалық комиссиясы отырысының 12.09. 2025ж. №18 хаттамасы.

Этикалық комиссия төрағасы

Этикалық комиссия хатшысы




Алиев Б.А.

Джуринская И.М.

Келу парағы

Докторант Смағұл Ғалия Рысбекқызының 8D05101 — «Биотехнология» білім беру бағдарламасы бойынша «Бие сүті негізінде диеталық, профилактикалық қасиеттері бар шоколад жасаудың биотехнологиялық әдістері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысын этикалық комиссияның талаптарына сәйкестігін қарау бойынша этикалық комиссия мәжілісінің № 18 хаттамасы

12.09.2025ж.

Тегі, аты, әкесінің аты	Ғылыми дәрежесі	Мәжіліске қатысу(қолы)
1	2	3
Алиев Баходир Азимджонович	ф-м.ғ.д., доцент	
Толекова Бахыт Турсагуловна		
Абжанова Шолпан Амангельдиевна	т.ғ.к., қауымдастырылған профессор	
Асембаева Эльмира Куандыковна	PhD, қауымдастырылған профессор	
Сулейменова Мария Шаяхметовна	х.ғ.к., доцент	
Джуринская Индира Михайловна	PhD, қауымдастырылған профессор	

Этикалық комиссия төрағасы



Алиев Б.А.

Этикалық комиссия хатшысы



Джуринская И.М.